ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 10-бабының 6-тармағына сәйкес Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін осы Заңға сәйкес айқындайды, уәкілетті орган айқындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесінен басқа.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес біртекті тауарларды сатып алу, егер мұндай біртекті тауарлардың жылдық көлемі ақшалай мәнде айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, ал жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша – жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін – республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 506–509-тармақтарына сәйкес Заңның 16-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алулар бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы тапсырыс берушінің тиісті негіздемесі бар шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға, не тапсырыс беруші аппаратының басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды тұлға қабылдайды.

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы шешім қабылданған жағдайда, мұндай мемлекеттік сатып алулар Заңның 5-бабының 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған тұлға Заңның 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық жүйені сүйемелдеу және техникалық қолдау көрсету қызметін сатып алу сомасы ҚҚС-ты есептемегенде 800 000 теңгені құрайды, бұл өз кезегінде 28) тармақшада белгіленген 500 АЕК мөлшеріндегі шекті көлемнен (500 × 4325 = 2 162 500 теңге), оның ішінде ҚҚС үстеме есептелген жағдайда да, аспайды.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабының 1-тармағының 1) тармақшасының талаптарын сақтау мақсатында, мемлекеттік сатып алуға

пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау үшін үш әлеуетті өнім берушіге коммерциялық ұсыныстар жіберілді.

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, төмендегі шарттар сақталған жағдайда бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу заңды, рұқсат етілген және негізделген болып табылады:

– бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы сатып алу жүргізу туралы бұйрықтың болуы;

– үш өнім берушіден алынған коммерциялық ұсыныстардың болуы;

– бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасуды негіздейтін құжаттың болуы.

Директор **Б. Болатканов**

Служебная записка

Согласно пункту 6 статьи 10 Закона Республики Казахстан от 1 июля 2024 года № 106-VIII ЗРК «О государственных закупках» Заказчик определяет способ осуществления государственных закупок в соответствии с настоящим Законом, за исключением перечня товаров, работ, услуг, по которым способ осуществления государственных закупок определяется уполномоченным органом.

На основании подпункта 28 пункта 3 статьи 16 Закона Республики Казахстан от 1 июля 2024 года № 106-VIII ЗРК «О государственных закупках» приобретения однородных товаров, если годовой объем таких однородных товаров в стоимостном выражении не превышает стократного размера месячного расчетного показателя, работ и услуг, если годовой объем таких однородных работ и услуг в стоимостном выражении не превышает пятисоткратного размера месячного расчетного показателя, а для аппаратов акимов городов районного значения, сел, поселков, сельских округов – четыре тысячекратного размера месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете.

В соответствии с пунктом 506-509 Приказа Министра финансов Республики Казахстан от 9 октября 2024 года № 687 «Об утверждении Правил осуществления государственных закупок» государственные закупки товаров, работ, услуг способом из одного источника путем прямого заключения договора о государственных закупках по основаниям, предусмотренным пунктом 3 статьи 16 Закона, осуществляются на основании решения заказчика с соответствующим обоснованием выбора способа из одного источника путем прямого заключения договора.

Решение об осуществлении государственных закупок способом из одного источника путем прямого заключения договора принимается первым руководителем заказчика либо лицом, исполняющим его обязанности, либо руководителем аппарата заказчика или иным осуществляющим полномочия руководителя аппарата должностным лицом.

В случаях принятия решения об осуществлении государственных закупок способом из одного источника путем прямого заключения договора, такие государственные закупки осуществляются с соблюдением принципа осуществления государственных закупок, предусмотренного подпунктами 1), 4), 6) и 7) пункта 1 статьи 5 Закона.

Лицо, принявшее решение об осуществлении государственных закупок способом из одного источника путем прямого заключения договора о государственных закупках, обеспечивает соблюдение принципов государственных закупок, предусмотренных подпунктом 1) статьи 5 Закона.

Сумма для приобретения услуги по сопровождению и технической поддержке информационной системы составляет 800 000 тенге без учета НДС, что в свою очередь не превышает установленный подпунктом 28 предельный объем в размере 500 МРП (500 * 4325 = 2 162 500 тенге), в том числе при увеличении итоговой суммы за счет начисления НДС сверху.

В соблюдении требования подпункта 1 пункта 1 статьи 5 Закона Республики Казахстан от 1 июля 2024 года № 106-VIII ЗРК «О государственных закупках» для оптимального и эффективного расходования денег, используемых для государственных закупок, были направлены коммерческие предложения трем потенциальным поставщикам

Исходя из вышеизложенного заключение договора из одного источника путем прямого заключения договора является законным, допустимым и обоснованным при соблюдении следующих условий:

- имеется приказ о проведении закупки способом из одного источника путем прямого заключения договора;
- имеется коммерческое предложение от трех поставщиков;
- имеется обоснование заключение договора из одного источника путем прямого заключения;

Директор **Болатканов Б.Б.**